

Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді берудің нысандарын, көлемін және мерзімділігін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 шілдеде № 13931 болып тіркелді

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 12-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен астық қабылдау кәсіпорындарына тіркелген жер учаскелері бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру нысаны мен көлемі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен астық қабылдау кәсіпорындарына тіркелген жер учаскелері бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру мерзімділігі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін бес жұмыс күні ішінде Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2016 жылғы 23 шілдеден бұрын қолданысқа енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі А. Мырзахметов

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
Д. Абаев

2016 жылғы 30 маусым

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2016 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен астық қабылдау кәсіпорындарына ресімделген жер учаскелері бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру нысаны мен көлемі

1	2	3	4	5	6	7	8
Ақпараттық жүйеде тіркелетін іс-қимыл (жер учаскесіне құқықтың туындауы/тоқтатылуы және басқалар), оны жүргізу күні	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінде тіркелетін іс-қимыл (есепке алу объектісін енгізу, өзекті ету, алып тастау)	Жер учаскесі бойынша операция жүргізу күні	Құқық иесінің БСН	Құқық иесінің толық атауы	Құқық түрі	Жерлердің санаты	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты (орыс тілінде)

кестенің жалғасы

9	10	11	12	13	14	15	16	17
Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің бұдан алдыңғы кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері/ мекен жайы (облыс, аудан, көше, үй нөмірі)/ мекен жайдың тіркеулік коды (МТК)	Жер учаскесінің алаңы (шаршы метр немесе гектар)	Жер учаскесінің бағалық құны (мың теңге)	Шектеулердің (тыйым салу және басқалар) бар-жоғы туралы мәліметтер	Бонитет балы	Бонитирлеу күні	Жер учаскесінің бөлінетіндігі

кестенің жалғасы

								Жер учаскешекарасыны
--	--	--	--	--	--	--	--	----------------------

Иесіз	Алып қою	Кондоминиум	Объектінің нысаналы мақсаты (мемлекеттік тілде)	Құқықтық қатынастар мерзімі (мемлекеттік тілде)	Құқықтық қатынастар мерзімі (орыс тілде)	Құқық иесінің (компанияның) мекенжайы (мемлекеттік тілде)	Құқық иесінің (компанияның) мекенжайы (орыс тілде)	Экономикалық сипаттамасы	координат жүйесіндегі бұрылыс нүктелерінің координатта
18	19	20	21	22	23	24	25	26	27

Ескертпе: **аббревиатураның толық жазылуы:**

БСН – Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы «30» маусымдағы № 288 бұйрығына

2-қосымша

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен астық қабылдау кәсіпорындарына ресімделген жер учаскелері бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру мерзімділігі

№	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне берілетін деректердің атауы	Деректерді беруді және/немесе оларға қолжетімділікті қамтамасыз ететін орган	Беру нысаны	Беру мерзімі
1	2	3	4	5
	Жер учаскелері бойынша	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Электрондық нысанда	Сұраным бойынша ведомстволық ақпараттық жүйеде есепке алу объектісімен іс-қимыл жүргізілген күннен бастап